

Jetisy ýniversiteti

JETISÝ OBLYSTYQ QOǴAMDYQ-SATASI JASTAR GAZETI
ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ МОЛОДЕЖНАЯ ГАЗЕТА ОБЛАСТИ ЖЕТИСУ



майор Сарқыпбай Құсаинов және облыстағы күштік құрылымдардың басшылары сыбайлас жемқорлықпен күрес және заң үстемдігі турасында баяндама жасады. Ал шетелдік ғалымдар Фират Ялдыңыз «Түркияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы және құқықтық шаралары: ұлттық және халықаралық өлшемдері» тақырыбында, өзбекстандық ғалым Нозимахон Гафурова «Соматические права человека в праве на здоровье» тақырыбында баяндама оқыды. Гданьск университетінің профессоры Эдвард Ювневич, Ф. Корфантего атындағы Жоғарғы Силезия экономикалық университетінің профессоры Стэфан Дырка, Стамбул университетінің профессоры Эмрехан Инал да мазмұнды баяндама жасады. Абай атындағы ҚазҰПУ-дың қауымдастырылған профессорлары Ж.Сайлибаева, Г.Османова, Қонаев университетінің комплаенс-офицеры, құқық магистрі Д.Әшімбаев, философия

және лудоманиямен күресті мемлекеттік-құқықтық реттеу туралы ғылыми негізделген баяндама оқыды.

Конференцияға қатысқан жетекші ғалымдар, сарапшылар, тәжірибелі мамандар өз ойларын ортаға салып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте мемлекеттік қызметшілердің ұйымдық мәдениетін арттыруға қатысты тың идеяларын ұсынды.

Айта кетейік, бұл конференция ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті қолдауымен жүзеге асырылып жатқан «Қазақстанның мемлекеттік қызметінің ұйымдастырушылық мәдениетін трансформациялау архитекtonикасы» атты бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасының аясында ұйымдастырылып отыр.



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің қолдауымен «Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясының негізі ретінде мемлекеттік қызметшілердің ұйымдық мәдениетін арттыру: сын-тегеуріндер, проблемалар мен перспективалар» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелі конференция өтті. Аталмыш шараға Польша, Түркия, Өзбекстан және қазақстандық ғалымдар, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті және тағы басқа да күштік құрылымдардың басшылары қатысты.

Халықаралық конференцияны Басқарма Төрағасы - Ректор, заң ғылымдарының докторы, профессор Ермек Бөрібаев ашып, министр С.Нұрбектің конференция қатысушыларына арнаған ресми хатын оқып берді. Онда ведомство басшысы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес — тек заңнамалық шаралар ғана емес, сонымен қатар мәдениетті қалыптастыру мен ғылыми зерттеулерді ұштастыруды талап ететін кешенді міндет. Сапалы білім беру арқылы болашақ мамандарды адалдыққа, жауапкершілікке тәрбиелеп, жаңа ғылыми шешімдер мен әдіснамалық негіздерді әзірлеу сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларының тиімділігін арттырады»-дей келе конференция жұмысына сәттілік тілеген.

Жиында ҚР Сыбайлас жемқорлыққа

қарсы іс-қимыл агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті басшысы, генерал-майор Саян Ахметжанов, облыстық полиция департаментінің бастығы, генерал

докторы Т.Дүйсебаев, Қазақ-Америка университетінің қауымдастырылған профессоры А.Рысалдиева жемқорлықтың қоғамға кері әсері, еліміздегі ойын бизнесін



**«ІЛІЯС ӘЛЕМІ»
ДӘСТҮРЛІ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
СТУДЕНТ-ЖАСТАР
ФЕСТИВАЛІ**

3 бет



ЧЕЛОВЕКУ ВАЖНО ЗНАТЬ СВОИ КОРНИ

4 бет



**ҚАРА ҚАРҒА
(ӘНГІМЕ)**

6 бет



МЕНІҢ ИШІМ

8 бет

ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ТҮЛЕГІ ИЛЛИНОЙС ШТАТЫНЫҢ ПРОКУРАТУРАСЫНДА ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

Халел Туғанбаев — І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің түлегі. Ол бүгінгі таңда АҚШ-тың Иллинойс штаты, Чикаго қаласында прокурор көмекшісі қызметін атқарады. Аймақтық университеттің түлегі америкалық әділдік жүйесінің өкіліне айналды.

Халел 2009–2012 жылдар аралығында Жетісу университетінің заң факультетінде білім алды. Екінші курстан бастап-ақ ол бәсекелі ортада дараланудың маңызын түсініп, корпоративтік құқық саласында мансап құруды мақсат етті. Ол 2010 жылы оқуын тәжірибемен ұштастырып, экономикалық сотта ақысыз тәжірибеден өте бастады.

2012 жылы Жетісу университетін бітірген соң, елдегі жетекші жоғары оқу орындарының бірінде халықаралық құқық магистратурасына түсіп, халықаралық, қылмыстық, азаматтық және еңбек құқығы сапаларындағы білімін тереңдетті.

2023 жылы Халел құқық саласы бойынша Ұлыбритания мен АҚШ-тың жетекші жоғары оқу орындарынан шақырту алды. АҚШ-тың Чикаго қаласындағы беделді университеттердің бірінде екі жылдық заң магистратурасын таңдады.



ЖЕҢІС КҮНІНЕ АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ ЖИЫН



І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде 7 мамыр — Отан қорғаушылар және 9 мамыр Жеңіс күніне арналған салтанатты жиын өтті.

Жиында Әлеуметтік жұмыс және жастар саясаты жөніндегі проректор Болат Сериев құттықтау сөз сөйлеп, ұжымды қос мерекемен құттықтады.

«Халқымызда «Ер — елінің қорғаны» деген аталы сөз бар. Әрбір ер-азамат тек отбасының қамқоршысы мен тірегі емес, Отанның да қорғаушысы.

Елдің тыныштығын жердің амандығын, мемлекетіміздің қауіпсіздігін қорғайтын айбынды армия сарбаздары — ол біздің

жастар.

Биыл Ұлы Отан соғысындағы жеңіске 80 жыл толады. Бізге бейбіт өмір сыйлаған ата-апаларымызға мәңгі қарыздармыз. Біз олардың ерлігіне бас иеміз», — деді проректор.

Салтанатты жиында бірқатар қызметкерлер университеттің «Ерен еңбегі үшін» медалі, «Ілияс Жансүгіров» төсбелгісі және ректордың Құрмет грамотасы, Алғыс хатымен марапатталды. Жиын университеттің әйелдер қауымы әзірлеген меркелік концертке ұласты.

ЖҰ ҒАЛЫМДАРЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ НЫҒАЙТУДА

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің ғалымдары э.ғ.д., Д.Қалдияров, PhD, қауымдастырылған профессор Д.Нұрмұханқызы Швецияның Лунд университетінде өткен «Corruption in Non-Western Societies: Insights from Central Asia» атты халықаралық ғылыми конференцияға қатысты.

Іс-шара аясында ғылыми мақалалардың жобалары мен ұжымдық монографияның тараулары ұсынылды. Негізгі талқыланған тақырып — Орталық Азия елдеріндегі сыбайлас жемқорлық мәселесі болды. Сонымен қатар, сот жүйесінің жұмыс істеуі, көші-қон үдерістері, инклюзивті білім беру, аймақтық әлеуметтік трансформациялар сияқты өзекті мәселелер де қаралды.

Конференцияға қатысу халықаралық ғылыми диалогты нығайту, зерттеу ынтымақтастығын кеңейту және Жетісу университеті ғалымдарының жаһандық ғылыми қауымдастыққа белсенді араласуы жолында маңызды қадам болды.

XIII ЖАЗҒЫ УНИВЕРСИАДА ОЙЫНДАРЫНА ҚАТЫСАТЫН СТУДЕНТТЕРМЕН КЕЗДЕСУ



Жетісу университетінде XIII жазғы универсиада ойындарына қатысатын студенттермен кездесу өтті.

Кездесуде Басқарма төрағасы — Ректор Ермек Бөрібаев жарысқа қатысушы спортшыларға сәттілік тілеп, команда капитаны, дене шынықтыру және өнер факультетінің 2 курс студенті Алтай Қалқаманға университет байрағын салтанатты түрде табыстады.

«Жетісу университетінің студенттері спорт жарыстарында үздік көрсеткіштерге қол жеткізіп келеді. Былтыр студенттеріміз Әлем, Азия, Халықаралық, Республикалық Чемпионаттарда 26 алтын, 20 күміс, 10 қола медальға ие болды. Білім ордасының мерейін асырып жүрген мұндай спортшыларымызды біз әрдайым мақтан тұтамыз. Бүгін де арамызда сайдың тасындай іріктелген үздіктер отыр. Біз сіздерге сенеміз!», — деді ректор. ЖУ-дың құрметті профессоры, ардагер ұстаз Болат Молдабеков студенттерге ақ батасын берсе, ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы Канат Шоныраков жарыс жолында сәттілік тіледі.

Спортшылар өз кезегінде түркі әлемінің рухани астанасы — Түркістанда өтетін жарыстан жұлдемен оралуға уәде берді.

XIII жазғы универсиада ойындарына университетіміз жеңіл атлетика, тобыққуала, баскетбол, волейбол, дзюдо, таэквондо, еркін күрес, грек-рим күресі, бокс, футбол сияқты спорттың 11 түрінен бақ сынайтын болады.

ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА БОЙЫНША ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ ЖЕҢІМПАЗ!



Түрікстан қаласында өтіп жатқан ҚР жоғары оқу орындары арасындағы XIII жазғы Универсиадада спорттың Жеңіл атлетика түрі бойынша Жетісу университетінің студенттерінен құралған команда жеңімпаздар қатарынан көрінді. Екі күнге созылған тартысты сайыста команда мүшелері мықты өнер көрсетіп, Универсиада жеңімпазы атанды. Жарыстың екінші күнінде Қудайбергел Сания 3000 метрге, Болатбекқызы Аяна 800 метрге, Жанабек Есенбол 5000 метрге алдарына жан салмай жүгіріп 1-орын алып, алтыннан алқа тақты. Ал Омар Айбол 800 метр қашықтыққа жүгіруден жұлделі 3-орынды алып, қола медальға ие болды. 4×400 метр эстафеталық жарыста команда бойынша қыздар 2-орынға шықты. Команда мүшелері, «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасының студенттері Қудайбергел Сания, Нұрмұханбетова Аңеля, Нұрмәмет Ақжана, Болатбекқызы Аяна бар мүмкіндіктерін көрсетіп, нағыз спортшы екендерін дәлелдеді. Осылайша Жетісу университетінің қоржыны 5 алтын, 2 күміс, 3 қола медальмен толықты.

Универсиаданың Жеңіл атлетика бойынша қорытындысында Жетісу университетінің қыздар командасы жұлделі II орын иеленді.

Біліммен бірге спортты жандарына серік еткен спортшы студенттерімізді шын жүректен құттықтаймыз. Жетісу университетінің ғана емес, Жетісу облысының абыройын асқақтатқан студент спортшылар бұдан да биік белесті бағындырады деп сенеміз.



Бетті дайындаған Әйгерім ИЕБЕКОВА.

«ИЛИАС ӘЛЕМІ» ДӘСТҮРЛІ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ СТУДЕНТ-ЖАСТАР ФЕСТИВАЛІ АЯСЫНДА ӨТКЕН «СОҒАЙЫН СӨЗІМНЕН БІР СҰЛУ САРАЙ» АТТЫ МҮШӘЙРА ЖЕҢІМПАЗДАРЫНЫҢ ӨЛЕҢДЕРІН НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА ҰСЫНАМЫЗ.

ЖЫР БАҢАДҮРІНЕ

Атынан ат үркіген аш қасқырым,
Азуына ілінді қай төбеттің?
Тұқымын түз далаға шашпас бұрын,
Тамырынан шапты ма Бөйтеректің?

Жіберді екен тәңірді атқызып кім?
заңсыз артып мойнына бар жаланы
Мандайыңа кезеген ақ мылтықтың
жаны болса, өз өзін қарғар еді.

Қағазға сен түсірген әр өріптің,
Өмірде қалып кеткен есесі бар.
Құшағына енді де қара бұлттың,
Құрап қалды далаңда неше шынар.

Жырыңа жұпары жоқ гүлдің де тең,
Алау сөз жеңдеттерді маздап ұрды.
Құлагерді жазғанда білдің бе екен
Өзіңнің тағдырыңды жазғаныңды?

Жара-жара ксуденнен тырнап, шалды,
Тарқамайды берінің шері бұлай,
Қуғын да көрдің, баба, бір Мәһшарды
Шын Мәһшарда қорғасын сені, Құдай!

Данияр БОЛАТҚАН,
Абай атындағы ҚАЗҰПУ студенті



ЖЫРМЕН ӨРІЛГЕН ТАҒДЫР



Жырыңмен нұр құясың ой мен сара,
Өр рухты, ерт сезімді болар дала.
Қаламың күй шертеді қайраттана,
Ұрпаққа шырақ болып қалар аға.

Тұлпардай кесілесің көкжиекте,
Шындықты жырладың әр жүректе.
Құлагерді шапқанда құлатқанымен,
Өзіңнің мәңгі қалар ел есінде.

Қайсар рух, алдаспандай жыр тілегің,
Мәңгілік айтар ойың, ән сүрерің,
Тарихтың төрінде тұрасаң ғасыр,
Атыңды ардақтайды-ау жас жүрегім.

Жырларың күмбірлеген, шалқып дастан,
Шыңдарға жетелейді, өрге басқан
Өлеңмен өрнектеген өмір жолың,
Келешекке қалдырған күймен жүйең.

Илияс ақын, өзіңмен тілдесейін,
Тізілген өлеңіңмен үндесейін.
Жырымның құлагерін баптап алып,
Өзің жайлы күйменен жырды есейің.

ДУЛАТ БАЛЕРКЕ,
Жаркөңт жоғары педагогикалық
колледжінің студенті

АҚЫН РУХЫНА

Өмірдің сан соқпағы-скі өткел,
Бірі құлқын өзгеден етер өктем.
Мақтана, масаттана күн кешерің,
Түскендей өз бетіңмен ауып көктем.

Толғатар мына дала ақын тағы,
Жазар талай адамдық хақыңдағы.
Біртуар Илиястай баба сөзің,
Сақта жұртым өшпіндей тақымдағы.

Ақын Илияс дауыл боп соқпады ма?!,
Қаскөйгер ажал оғын оқтады ма?
Сұрапыл сын сайқал боп қауып алып,
Сосын ғана сан соғып ақтады ма?

Тыңда дала дүбірін Құлагердің,
Сағымындай толқыса құба белдің.
Артымақтың соңынан ере шапқан
Мен дағы ақындықта мұрагерімін.

Арда тұтқан ақындық затыменен
Жаздым шумақ Илияс атыменен
Сырласуға мұқтажбын жыр жазуда
Өлең дейтін ақынның хатыменен

Ринат ДЖУНСАЛИЕВ,
І. Жансүгіров атындағы
ЖУ студенті

ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗЫМ

Аққанда Ақсу жайрандап шіркін!
Кіршіксіз таза сезімге ендім.
Сұлулық шығар сөндегі бәлкім,
Өзіңе ғана құмартып едім.
Додаға қосқан өзің бе мүмкін...?
Ұсындың маған өнердің күлін.
Қасиет қонған қара өлеңім-ай,
Өзіңнен таптым емін де дерттің!

Құла боп шауып ойнақтап едің,
Сыймадың бірақ далаңа байтақ.
Мойныға артып сенімін елдің,
Тұрсың дедің бе кегімде байрақ!
Кеңілің таза, қардан да алпақ,
Сөздерің маржаң балдан да тәтті-ақ.
Артыңда қалған еліңе айтшы,
Өзіңдей ерді қай жерден таппақ.

Күйменен келіп еліттің бойды,
Сазыңа қоңыр ердім.
Күйші боп салдың санама ойды,
Дала болып сен төрбедің.
Қайран Құлам-ай оққа ұшқанда отты,
Ақандай мәңде күңрендім.
Тосар ем шіркін кеудеммен оқты,
Батыраш барын білмедім....

Сүрініп кетті, бұйырмай бөйге,
Мөреге жетпей дүлділім.
Ұмытпай сені сақтап жадында,
Ардақтап жатыр ел бүгін!



Ел үшін туып, ел үшін кеткен,
Бола алар енді сендей кім?
Әдебиет деген шексіз аспанда,
Өшпейтін жарық жұлдызым!

Гүлназ КАБИ,
І. Жансүгіров атындағы
ЖУ студенті

ИЛИАС АТАМНЫҢ РУХЫНА



37... бұл жыл бізге қаралы,
Ашынған жыл репрессияның араны.
Қырды, жойды, итжеккенге айдатты,
Ажыратпай, айырмай ақ қараны.

Көп ақындар халық жауы атанды,
Сол жыл алды Міржақыпты, Аханды.
Илияс та, Бейімбет те, Сәкен де,
Дәл сол жылы қара жерді жастанды.

Беймезгіл кеп, үйін тінтті, ақтарды,
«Сен халықтың жауысың», -деп бассалды.
Қолын байлап, алдына сап әкетті,
Дастарханда ішілмеген ас қалды.

Жетім болып қалды арттағы баласы,
Жесір болды балалардың анасы.
Шырқы кетті шырайлы отбасының,
Қандай ауыр сол жылдардың жарасы.

Бүгін міне, атырдық біз ақ таңды,
Алтын күн тұр жарқыратып аспанды.
Репрессияның құзырына ілігіп,
Халық жауы атанғандар ақталды.

Асқақ рухы Илиястың сынбады,
Берерім көп халқыма деп тынбады.
Мұра қылып кейін қалған біздерге
“Құлагерін”, “Күйін” жазып жырлады.

Сұмдар жырды жылдар бойы матады,
Жалалары жүрекке әлі батады.
“Халық жауы” болған ақын бүгінде
Позияның Құлагері атанды.

Илиястың мұрасына бойладық,
Тунық жыраға оқысақ та тоймадық.
Біздер үшін ақын алыс кеткен жоқ
Жүректерден орын оған сайладық.

Естай КУРМАНАЛИЕВ,
Талдықорған Индустриялық
колледжінің студенті



ЖЫРЫ ЖАЛЫН, ДҮР ЕДІ...

Аты тірі, хаты мәңгі, мұратты...
Сеулс іздеген көтеріп сан сынақты
Жас буынды жаңалыққа дәріптеп
Ескіліктен естілікке жол ашты

Тегеурінді терең тартқан тамырын
Жыры жауһар, туындысы тағылым
Көп қырлы, алуан сырлы мол мұрасы
Жетті ұрпаққа, болып көпке мағұлым

Бер болмысы болашаққа бастаған
Қазақ үшін аңыз қылар асқақ ән
Жырларымын сусындатып жүректі
Арынды ісі адамдықтан аспаған

Күрмеуге келісс қысқа ғана ғұмырды
Пайдалы етіп елді оятып жүгірді
Өнер құмар озық ойлы отты өрен
Жастайынан жеті өнерді сіңірді

Кеудесіне құт дарыған қырағы
Бұйырған білімнің ақ бұлағы
Күйші менен қасиет қонған құлагер
Алыстарда мәңгімұңдалап тұрады

Дүлдүл ақын елдеп соқты жүрегі
Бар қазаққа шуақ шашқан күн еді
Қара өлеңнің құлагері атанды
Жыры жалын, отті еді, дүр еді.

Алтыншаш МАҚСҰТ,
І. Жансүгіров атындағы
ЖУ студенті

ИЛИАС ЖАНСҮГІРОВКЕ АРНАУ



Қазақтың қазыналы құлагері,
Ұрпаққа шалқар теңіз жыр өлсімі.
Мәңгілік мұраң сенің жадымызда,
Нұр шашып бар қазаққа түр әдемі.

Түлеген Жетісудай аймақты елден
Қамал боп елі үшін байрақ көрген
«Замандас, өнерге ұмтыл, тез қамдан!»,-деп
Қараңғы қазанына қайрат берген

Жүйріксің, тұяғыңның тозбасы анық.
Қазына таусылмайтын қозғаса алып,
Дес бермей есіміңді ерен етпек,
Бірегей білімгердің ордасы алып.

Саясат сындырса да санада ойнап,
Жалындап, рух сөнбеді, терең бойлап.
«Алаш» деп алға қарай адымдадың,
Ұран қып азаттықты қадам қайрап.

Жаныңды жепідей жеп үскі дәуір,
Қыспаққа заманыңда түстің ауыр.
Міскіндер мұратыңды мамырлатып,
Жоғалтуға күш салды ышқына кіп.

Күн үшін күлік жеді күншіл «мықты»,
Қыспақта заманыңда түстің ауыр.
Ұрсада Батыраштар балтасымен
Бастаған бүгін далам тың тірлікті.

Тәуелсіз байырлатқан еп көшің нық,
Ағынды Ақсуыңнан сен көшіріп.
Кісіңе құлагер жыр сен баптаған
Түсуде аламанға кең көсініп.
Қиналмас қилы жолда тұлпарыңның,
Алмайтын қамал болмас мен кешігіп!

Ақмарал ҚАЙРАТҚЫЗЫ,
І. Жансүгіров атындағы
ЖУ студенті



ЧЕЛОВЕКУ ВАЖНО ЗНАТЬ СВОИ КОРНИ

Его труд отмечался в военное и мирное время различными наградами: Орденом Отечественной войны, медалью «Отличник движения», юбилейными медалями.

Сегодня его нет с нами, но он жив в нашей памяти, на фотографиях. Каждый год 9 мая, в День Победы, мы — его дети, внуки, правнуки — собираемся за дастарханом, вспоминаем его добрым словом, следуем семейной традиции.

Жизнь отца — это часть биографии нашей страны, история, которую теперь изучают школьники. Отец всегда оставался оптимистом. Он часто говорил нам, что, сравнивая ужасы войны с мирной жизнью, нужно радоваться настоящему и ценить его. Его вера в лучшее вселяла в нас уверенность. Он учил нас позитивному мышлению, любви к жизни и труду на благо Родины. Часто цитировал слова назидания великого Абая — о труде, знаниях, человеке.

Он хорошо знал историю и литературу Казахстана, любил музыку, играл на домбре. В кругу друзей исполнял знаменитый айтыс Биржана и Сары, пел песни Кенена Азербайева, произведения о Жетысу. В праздничные дни включал патефон с пластинками советских мелодий о войне.

Отец часто говорил: только терпение, мужество и любовь к Родине помогут одолеть врага. Его философские размышления учили нас стойкости, оптимизму и патриотизму. До сих пор в нашей памяти звучат его слова:

- «Ничто не приходит само по себе — трудом все создается»
- «Коппен көрген — ұлы той»
- «Өнер - білім бөріде, оқу менен табылған»
- «Таң жаудан қайтып көрген жоқ, алдыға ұмтылу керек, сендердің болашақтарың алдыда».

Эти слова мы вспоминаем и в трудные минуты, и в моменты радости. Именно таким —

добрым, мудрым, светлым — мы его помним.

Его трудолюбие, уважительное отношение к людям, бережное отношение к хлебу (по его рассказам, в послевоенные годы хлеб выдавали по карточкам), глубокая благодарность павшим товарищам — все это стало для нас примером подлинной любви к Родине. Родственники, соседи и друзья часто обращались к нему за советом, зная, что найдут в нем поддержку и мудрость. И мы, его потомки, сверяем свои поступки, мысленно обращаясь к нему за советом.

Вот уже 28 лет отца нет с нами, но он живет в наших сердцах. Каждый год в День Победы, а также в дни Ораза и Курбан айта, мы склоняем головы у его могилы, чтим его память чтением Корана. Этот день для нас и радостный, и скорбный. Сидя за дастарханом, мы часто представляем, как он радовался бы нашим успехам.

С гордостью внуки и правнуки Медетбек ата рассматривают его фотографии, ведь их дед и прадед воевал за сегодняшний мирный день.

Сегодня в династии Медетбековых есть достойные продолжатели традиции служения Родине:

- внук Айдар — подполковник Пограничной службы КНБ РК в г. Актау;
- внук Ариан работает в городском управлении ЧС г. Талдықорған;
- правнук Алибек — начальник АСУ авиабазы в г. Шымкент.

Будучи в Берлине на языковой стажировке — в стране, подарившей миру Гете и Гейне, Баха и Бетховена — я посетила мемориал Советскому Воину-освободителю в Трептов-парке. У этого величественного памятника я подумала: это не просто монумент, символизирующий победу добра над злом — это памятник конкретным людям. Тем, кто в далеком 1945 году поставил точку в той страшной войне, кто спас мир от фашизма. И среди них был мой отец — Медетбек Машанов, сражавшийся за освобождение Украины, Белоруссии, раненный в боях за Берлин.

Саня МШАНОВА,
дочь, к.п.н., профессор кафедры
иностраных языков и переводческого

АТА ТОЛҒАУЫ

Талпынып танытқан түс даңқын ерім,
Өрт пен оқ бірдей жалмап туған жерім,
Отанның сымартқасын опырам деп
Қаттаты Гитлер жауыз танкілерім.

Тоймады қара ниет құлқын қанға,
Өмір біткен тапталып, ұмтылды алға,
Ерлерім кеуде тосып қарсы шықты,
Елім деп соққан жүрек бүлкінганда.

Бекітілме болған тау мен тасты қанға,
Жау өзі ұқсап еді жаралы аңға,
Кек қайнап соққы үстіне соққы беріп,
Екінін су сепкендей бастық сонда.

Қаптадық көп танкіні көсілдіріп,
Біз құдық фашизмді жосылдырып,
Басына ақырзаман орнаттық біз
Жерден-оқ, көктен бомбы тегілдіріп,
Берлинге жеңіс туын тіккен соң
«Уһ» дедік жан жадырап көңіл күліп.

Бұл жер бізге бабам берген аманат
Сол жер үшін болды шайқас ғаламат
Туған жердің топырағын таптаптай
Отқа түсті елім деген азамат.

Өксітпей өмір жасын балапардың
Сол Жеңіс жасын сұртті аналардың.
Сол Жеңіс өз қолымен кәтерісті
Қираған керегесін қалалардың.

Медетбек МШАНОВ,
79 жастағы қарт жауынгер.
Талдықорған қ. 1995 ж.



ПРИЗНАНИЕ

Слова свои университету посвящаяю,
Ведь на работу, как на праздник я хожу!
С большим желанием, интересом я на ГФ
Занятия провожусь.
У памятники часто я стою,
С Ильясом сверяю жизнь мою.
Прошло немало зим, немало лет,
Я каждый день спешу в университет.
С коллегами быть рядом так прекрасно,
Общаться с вами всеми я люблю,
Ведь многому у вас я научилась,
За это всех вас благодарю!
Все педагоги — талантливые люди,
В профессии своей мастера.
Мы соответствовать стандартам Мира бу-

дем,
Ведь новых технологий пора!
Молодежь воспитываем в духе:
Быть патриотом, Родину любить.
Призываем грезить гранит науки,
Программу 20/30 претворить
Наш коллектив — единомышленников брат-

ство.
Вошли мы в мировое образовательное про-

странство!
Кредитную систему мы внедрили.
И модульную форму так же применили.
Дистанционная уже у нас идет.
К успехам Академическая мобильность нас

ведет!

Саня МШАНОВА,
к.п.н., профессор.



Шынар апа қайтыс болды. Түп-тура 99 жыл, 9 ай өмір сүріпті. Күллі ауыл күнренді. Бірақ ешкім «жүзге келді-ау жарықтық, арты той ғой» – демеі.

Қаралы хабар ауылға қою қараңғылықпен қолтықтаса кірген. Көшенің сыртынан шыққан ойбайпаған әйел дауысын есті сала ел-жұрт: «құдай рақым етсін», – деп ерін жыбырлатып, бет сипады. Артында сүріне-қабына сыртқа жүргі.

– Қараң қалпыр тағы кімнің басын жұтты екен, – деді бірі.
– Қара басыңа көрінгінді дауысының аштысын-ай тегі, – деп екіншісі қоштады.

– Бәрімізді жалмайтын болды-ау, е құдай, ер-азаматымды сақтай көр! – деп тілек қылды бәрі.

«Ойбай бауырымдаған» дауыс бірте-бірте айқын естіліп, ауылға жақындай түсті. Ол жақындаған сайын елдің деңбірі қашты.

Әдеттегідей ауыл кеңесіне тартқан. Иттер шуылдап, жамырай ұлдың, кемесендеп кемпірлер ілесті, көбісін сүйретіп шал-шауқан қосылды. Өзінен бұрын сөзі жүретін қатын-қалаш та қарғанып-сіленгенін доғарып, дауыс салып, салпақтап келеді. Кеңесің алдына бірсыпыра адам жиналыпты, қоршау шетіндегі қарақшыдай қалқып, состиып-состиып жолын тосып тұр. Жақындай бергенде ойбайын үдетіп, жеделдете басты. Сол екпінмен келіп алғашқы көріскен төртпақ кісіге төрт бұрышты хатты ұстата салған. Жұрт хатты оқу үшін жапа-тармағай жарыққа қарай ұмтылғанда, шетке сытылып шықты да иығына ілген қапшығын ақтарды. Бұл жолы саусағына төрт бұрышты емес түйілген тұмардай үш бұрышты хат ілді.

– Шүір-шүір, тәубе-тәубе, – деді күбірлеп. Жас толған көзі мезетте жайнап кетті, қабағына қатқан қырау еріп түсіп, езуіне күлкі боп тамды.

Өзгелер шейіт болған боздақты жоқтап, қаралы үйге тобымен аттанғанда, ол көшенің сыртына ширақ басып шықты да келесі ауылға бет түзеді.

Жарықтықтың бітімі бөлек, сүйсіп асыл еді. Бойы бір тұтам, қимылы ширақ. Қатарластары таяққа сүйеніп екі бүктеліп жүргенде аласа кеудесін асқақ ұстайтын, мәсі, галлошын ешкімнің көмегінсіз, ештемеге сүйенбей-ақ өзі киіп-шешетін. Бұрыл шашы орамалға сыймай, бұраның шудасындай болып самай тұстан дудырап тұратын. Үстінен кенетоз камзолы мен қара көйлегін тастамады. Қыстыгүні жасыл пүліш шапанын киіп, беліне сары орамалын белбеуше тартаын. Өңірін өмірі жапқан емес, қақаған қыста да жаурамайды.

– Суық тиіп қалмасын, – дегендерге: – «Біздің кеуде көрікше жайнайды, көжедей қайнайды, жарығымы», – дейтін әзілдеп.

– Киім жаңартпайсыз ба, апа-ау, – десең

– «Жалмауыз Шынар қашанғы шырар.

Бір күні әзірейіл келіп жанын сұрар.

Көзім кеткенде сүйегіме түскендер алсын деп, Қу кемпір, барлығын сандыққа тығар», – дейтін тақпақтап. Онысын айтыру үшін қайта-қайта сұрайтынбыз, әрбір жауабына ырзалық танытып күлетінбіз.

Екі ауылдың арасы үш шақырымдай жер. Үш бұрышты хатты ұстаған күйі құстай ұшып келеді. Сыртында айдақ-сайдақ жазуы бар. Кімнен келгеніне қараған жоқ. Қарағанымен қара танып, оқи да алмайды. Әйтеуір төрт бұрышты емес, соның өзі дөтке қуат.

– Қағынған қатындарды қуантып шөйін ішейін тыққан-пыққанын тартып жөйінші бүпін, – деді шаттанып. Өткен аптада ғана төрт бұрышты хат әкеліп, алпыс үйлі осы ауылды азан-қазан қылып, ұлардай шұпатқан. Жалғыз ұлынан айрылған Күлшай көмпірдің наласы әлі құлағында тұр.

– Өспегір, өнбегір неме, кеше түсіме кіріп едің сұмдаңдап, – деген ашынған ана бүкіл запыранын төгіп.

– О балаңың не жазығы бар, Күләйша, сабыр сақта, – деп басу айтап болған Төлөнді шалдың өзіне атырылды. Әппақ құдай шашының ерімін тарқатып жіберіп, бетіне қос қолдың он тырнағын қатар салған. Шерменде кемпірдің сай-сүйектен өтер сұңқылын естігісі келмей, құлағын басқан күйі ауылдан ұзады.

– Жүйсіл қарғыс жүйсіс табады, жүйсіз қарғыс иесін табады, – деген былай шыға бере, қазір де сол сөзді қайталады. Ауылға жақындап қалыпты. Қарауылқан талдар, ағарған тамдар, сығырайған шамдар анық көрінді. Жұрт әлі жата қоймаған секілді.

– Сүйінші, ұшбу хат келді, хат келді! Ай-хай-ай!.. Естиміндер, хат келді, –

дел бар даусымен айқайлады. Өткен аптада өзі жылатып кеткен бейшараларды бүгін қуантуға асыққандай алақайлап, даланы басына көтерді. Көйпегінің етегін шал-барлап алып, далақтап жүргі.

ҚАРА ҚАРҒА (ӘҢГІМЕ)

ШЫҒАРМАДАҒЫ ОҚИЛАЛАР МЕН
КЕҢІКЕРЛЕР ӨМІРДЕ БОЛҒАН

Шынар апа таңмен таласып тұратын. Шап-шауқандар құмғанын алып, қақырынып-түкірініп қора айналғанда ол тауға тартатын. Бір қарасаң ауыл сыртындағы қара жолда жаулығы ағарып көрінсе, енді бір көз салғанда қара жолдағы зиратқа кіріп бара жатады. Ал сәскенің кезінде бөктерлей жортып, Талдыбұлақтың төбесінен түседі. Қатар жатқан Ырғайты, Талдыбұлақ, Арқарлы ауылдарын түгел аралап, мал өрістен қайтар қызыл іңірде тоқал тамына жетіп құпайтын. Шаңырағында қазан көтеріп, ас қамдаған емес, ырзығы ел арасына шашылған. Мұнысын жастар жағы жалғыз басты кемпірдің еріккені, әңгіме, өсек іздеп зеріккені деп топшылайды. Ал ескі көздер: – «Ә, қыдыру оның қызметі ғой, ауру қалса да әдет қалсын ба», – дейтін де қоятын.

Аудан орталығында жүргеніне бүгін үшінші күн. Не үш бұрышты, не төрт бұрышты хат келмеді. Ел аузындағы жел сөз – ақпанның боранындай бағыт алмастырып, үйіңкі соғады. Ірікілі ішкеріде болған «пойыз жолы бомбаланыпты, хат-хабар тиелген вагон аударылыпты» деседі.

Әскери комисариаттан алған екі парақ қағазды дорбасынан шығарып алдына жайды. Бүктелген тұстары қырқылып, жазуы өше бастапты. Екі бетте алпыс адамның аты-жөні тізілген. Түзелбайы елу үшінші болып тұр. Тарамыс саусағын тізімнің басынан аяғына қарай баяу жүргізіп, санай бастады.

...Сол күні ауылдың екі бірдей азаматынан қара қағаз келген.

Шынар апа, қыз күнінде сөзге шешен, жезтандай өнші болған деседі. Күйеуі Қожағелдімен он бес жасында отау құрады. Он үш құрсақ кетеріпті, соның үшеуі адам болған қалғанының жергеі көбінге айналыпты. 37-нің зобалаңында отағасы жалалы болып итжеккенге айдаған, содан хабарсыз. Үш баланы жалғыз бағып, әнді жеткізім бе дегенде соғыс басталады. Екі қыздың ортасында бұлғақтап өскен Түзелбайы майданға кетеді. Жұрт жаппай колхоз жұмысына жегігенде, жергілікті басшылар Шынардың аяқ-қолы жеңіл деп пошта қызметіне салады.

Тізімге қайта шұқшиды. Қара қағаз келгендердің тұсына тырнағымен кертіп із салған. Сол белгілер күн сайын көбейіп келеді. Анажолы санағанда жиырма шақты еді, қазір түп-тура отыз бес болыпты.

– Ой, сұмдық-ай, – деп жағасын ұстады. Қателесіп кетпеді ме деп қайыра санады. Жоқ, жаңылмапты. Бұл отыз бесің көбісін жыға танымайды. Бірақ барлығының қара қағазын жеткізіп, өлгенін естірткен өзі. Арасында Түзелбай секілді өрімдей жастар да бар еді.

Алғашқы суық хабар Бекбергеннен келді. Жігіттің төресі еді марқұм. Жиын-той онсыз өтпейтін, домбырамен ән салғанда қыз-келіншекті былай қойып, базары тарқаған бейбітшілер тандай қағып, тамсанатын. Өзі көкпаршы, палуандығы және бар. Тоқтақта өткен бір бейпіде қырғыздың Қызылай деген қызына аңсары ауып, ақыры алып қашып, отау құрды. Ашаршылық жылдары қайыңжұртын сағалап, жіпкімайын үзген жоқ. Бертіңде елге қонды келген. Айнала отырған үш колхозды құруға атсалысып, белсенді болып жүрген, соғысқа өзі сұранып кетіпті. Жып өтпей шейіт болды.

Арыстай азаматтың өлгенін естігенде есеңгіреп қалған. Аудан орталығынан ауылға баратын соқпақты бойлап жүре беріпті. Жүріп келеді, жылап келеді. Жолай арбақеш қазақ жолығып, ауыл тұсынан түсіріп кеткен. Бекбергеннің үйі шеткеріде болатын. Кешкі апақ-сапақта жетіп келген бұған Қызылай таңырқай қарады.

– Әй, қатың немене босағада тұрсың, төрлет, – деген қуырған бидайын көпсермен көсеп. Қызылай көрікті ғана емес, жайдары, қалжыңбас еді. Сол мінезімен күллі ағайынға жаққан, біреу келіп қырғыздың деп бетіне басқан емес. Қолы елті, әрі шаруақор. Күйеуі соғысқа барған кейбір әйелдер қожырап кетеді, ал бұл күтім-қуып тайдырмапты, үйдің іші тап-тұнақтай. Екі ұлы төрде асығын шашып, ханталапай ойнап отыр, Бекберген кетерде туған кеңже қызы бесікте былдырлап жатыр. Дүние әлемді жайлаған соғыстың салқын лебі бұл үйге кірмегендей... Бейқам, бейбіт те берекелі шаңырақ. Тап қазір

соның быт-шыты шығады, бұл өкелген хабар найзағайдай жарқылдап бейбітшілік аспанында бұлт қайнатады, мына бір жайсаң жанның жүрегің жаралайды, ана бір бейкүнә балақандардың көзіне мұң салады, бесікте жатқан нәрестенің тыныштығын бұзады. Не істемек керек?

– Әй, сәтін басыңнан құс айналып кеткеннен сау ма? Түзде көп жүресің тыртандап, – деп Қызылай қайыра сөзбен қаға бергенде төрт бұрышты хатты ұстата қойды.

– Бұл не?

– ...

Жауап қатпады. Бекберген белсенді кезінде Қызылайды да қызыл үйге беріп, оқытып алған әжептәуір хат таниды. Бастапқыда соғыстағы күйеуінен келген кезекті хабар шығар деп қуанып қалған. Жалма-жан ашып жіберіп, көз жүгіртті де біреу сойылмен ұрғандай сылқ етіп отыра кетті. Түрі бір қошқылданды, бір қуарды. Өлден уақытта «аһ» деп күрсініп, қисая берген... Тағып қалыпты. Жалма-жан су бүркіп, тұрғызды да қолтықтап далаға алып шықты. Көрсі-қолаң да қайдан естігенін кім білсін, екі-үш адам үрмисіп жиналып қалған екен. Қызылай бірден дауыс салып жылаған жоқ. Кеңіл айтқан кісілермен үніс керісті де ауыл сыртына бет алды. Соңынан қос келіншек ілесті. Өлден уақытта алыстан аңырап-босдаған әйел дауысы естілген. Қызылай балаларды шошпайтын деп аулаққа барып шер тарқатқанын жұрт түсінді. Зарланып салған жоқтауы талып естілді, оның даусын естіген ел-жұрт танауын қорс-қорс тартып, қосыла егіледі. Ет пісірім уақыттан соң ғана екі әйел Қызылайды қолтықтап алып келді. Жылай-жылай әбден қалжырапты. Кезіңжасы таусылғандай, өйтсе де іштей шері тарқамаған, көудесін селкілдетіп өксі береді. Тарқатылған қос бұрымын келіншектің бірі жинап, екіншісі жаулытын тартып, үйіне сүйемелдеп кірді. Қызылайды содан екі ай өткен соң



Жалғасы. Басы 5-бете

бір-ақ көрген. Көңілсіз амандасты. Бетіне әжім түсіп, едәуір шөгіп кетті.

— Тағы кімді өлтіріп келе жатсың? — деп қағытып өте шықты.

Шынар апаны, соғыс жылдары ауыл қатындары «қара қарға» атапты. Әкелетіні қара қағаз, естіретіні ер-азаматтың қазасы...

Шашын жұтқан жесірді, аңыраған ана-ны, шырқыраған баланы сан мәрте көрді. Мұң мен наланың, шер мен қарғыстың сан түрін естіді. Үш бұрышты хат келсе қуанып қайтады, төрт бұрыштыны көргеннен ботадай боздап, жоқтау айтады. Кей күндері орталықтан құр қол оралады. Ондай кездері үш ауылдың тұрғындары көзекпен кісі салып, елеңсіп, тыпырлайды.

— «Хабар-ошар жоқ па екен, ауданға тағы бір барып келсең қайтесің?» — деп қолқалайды.

Қара жұмыс қажытқан, қайғы-мұң еңсесін сәзген жаны жаралы жұрттың сөзін жерге тастамай, буынын-түйінін жолға қамданады. Ары-бері отыз шақырым жүріп, соңғы ақпарды алып қайтады. Кейде кештеу шығып, қараңғыда қалып кететін. Ондайда жапан даланы басына көтеріп өн салатын. Бұл бір жағы ит-құсқа сөз, екіншіден өзіне демеу... Оның уат алып, шер тарқатады. Ерте айрылған жолдасының құсағы, бейқұн шағында шетінеген сөбілердің зары, қан майданға кеткен жалғыздың уайымы, жұртқа жексұрын болған өзінің шарасыз көлі, бөрі, бөрі, бөрі де көмейінен ащы зар болып төгіліп, көкірегін қайғыдан тазалайды.

Бекбергөнінің қазасын естірткен күннің түнінде деңбекшіп ұйықтай алмай шықты. Күйеу Қожагелді түсіне кіріпті, қасында өзінен аумайтын өрімдей қыз-жігіттер бар. Барлығы әлденеге алаңдаулы күй танытады. Сөзге тартып еді, тіл қатпастан тұрды да құбыланы бетке алып, батқан күннің қызыл арайына сіңіп кетті. Ертеңіне иіс шығарып, жеті шөлпек пісірген. Қожагелдінің қасындағы жастар — жорегінде шетінеген ұл-қыздарым шығар деп топшылады, бірақ олардың қылығын неге жорырын білмеді. Ауыр ойдың құрсауынан құтылмаған күйі колхоз төрағасына барды.

— Жұмысым көңіліме жақпай жүр, босатыңыз! Шөлшілерге қосылайың, — деп өтініш айтқан. Бірақ көнбеді. Алдап-сулап, арқасынан қағып шығарып салған.

— Тек, бұдан былай қазаны беталды естіртпұш болма! Дауыс шығарып кеңсегің алдына кел, өзім хабарлаймын, — деген маңғазданып. — Өрі күндіз келіп елдің жұмысына бөгет қылма, мал қораланған соң жет! Бізге ербір адам қымбат әрине... Дегенмен ербір минутымыз жауға қарсы атылған оқ екенін де ұмытпауымыз керек, — деп шегеледі.

Тізімдегі адамдарды тағы бір түгендемек болды. Басынан аяғына қарай ежіктеп санай бастағаны сол еді, әлдебір салт атты тасырлатып шауып өтті.

— Көшенің шаңын аспанға шығарған бұл қай әпербақан? — деп артынан сөзбен бірге көзін жүгіртті. Әлп адам қамшысын бұлғап, әлдене деп орысша айқайлады да аудан ұлықтары отыратын бас кеңсеге кіріп кетті. Осы кезде орталық алаңдағы үлкен радиоқабылдағышқа тіл біткен. Үнемі осылай өкпесі сыр берген адамша қақалып-шашалып, ғыжылдап барып сөз бастайды. Көбіне қоныр дауысты еркек әлденені орысша сәмбілдеп, хабарлап жататын, кейде жаңа жайлы ән шырқалады. Хат-хабар құлап отырып оны да талай мәрте тыңдаған. Хабаршының сөзінен ештеме ұқпаса да, мұңлы әуендер жанына жағатын.

Радиоқабылдағыш баптанып болам дегенше отыз қаралы адам жиналып қалды. Орысша ұқпаса де бірдеменен құр қалатындай өңтелі жетті. Әдеттегі дауыс сөйлеп кеп берген. «Москва», «совет», «армия» дегендерін ғана түсінді. Бір кезде жылжып жүрт араның ұясындай күңгілдеп тұрды да, алақайлап шулап кеткен.

— Е, не деді? Не айтты? — деп бір-бірінен сұраған ауыл қазақтары алақ-жұлақ етіп әркімнің аузына қарайды.

— Победа, — деп айтты. Ура! Жеңіс! Біз жеңдік! — деп әскери киімді балдақ таянған қазақ айқай салды.

— Не дейді, көтек?

— Жеңіс, жеңеше, жеңіш! — деп басын дөкемен таңып алған сақау жігіт қапсыра құшақтап, бетінен сүйіп-сүйіп алды. Жұрт «жеңіс», «жеңіс» деп айқайлап жан-жаққа жаппай жүгіре бастағанда ол да қозғалған. Бес жыл бойы өз тосдырған ескі соқпақпен аяқ-аяғына тимей бөзіп келеді. Екі көзден аққан жаста екі ақпен жарысқа түскендей, ағыл-тегіл ақтарылып жатыр. Ара-тұра «жеңіс, жеңіс» деп қояды да, жеңімен көзін сүртеді. Жыра, жоталарға келгенде айналмаға түспей төтелей тартып жол қысартты. Жолсызда өскен тікен, шөптер көйлегінің етегіне жармасып, жауындап жыртып, тәбірлік алып қалды, жауындап да бір бұтақтың қолында кетті. Ешбіріне қараған жоқ. Үсті-басы жырым-жырым, шашы дода-дода болып жүгіріп келеді. Сол кейпімен, сол екпінмен ауылға кіргенде «Шынар бейшара жанданыпты» деп жұрт жағасын ұстады. Алқынып тұрып айтқан сөзін де бастапқыда ешкім ұқпаған.

— Жеңіс, жеңіс, — деген екі ауыз сөзді екі иіннен дем алып тұрып жеткізгенде жұрт түсінбей.

— Не дейсің, әкем-ау? — деп қайыра сұрады.

— Соғыс аяқталды. Біз жеңдік!

— деп сылқ етіп құлап түскен.

Есіне немерелері мен теңек жиәндері түскен. Кеше ғана келіп кеткен, елден сағына бастапты. Өткен күндерге ой жүгіртті.

Қарап отырса өмірі мұң мен зарға толы болыпты, жылаған күндері көп, қуанған кездері аз... Жанының жалауын жығып, Жанымхан дүние салды әуелі. Шаңырақтағы алғашқы қаза қабырғасын қайыстырса да құдайдың салғанына мойынсұнды. «Түзелбайым аман болса, кем-кетігім түзелер, кеткенім келер, барыма құдай береке берер» деп үміттенген. Бірақ көп ұзамай Түзелбай да қайтпас сапарға аттанып кете барғанда жанын қоярға жер таппаған. Жанары суалып, етегі жасқа толғанша жылаған, даусы қарлығып, сөзден қанғанша жоқтау айтқан. Ақырында оған да көнген. Артында қалған жалғыз қарасы бар, сол көзге қуаныш, кеңілге жұбатыл деп өзін-өзі алдаусыратты. Құлақ етіп жөп жүріп, ол немерені де ерте үйлендірді. Қаланың тікбақай қызын болашақ келініз деп жектеп келгенде қушиған рәңін жаратпап еді, айтқанындай-ақ жалғыз құрсақ көтерген соң дәрігерлер өкніш рет тууға рұқсат бермеіті. «Бұ қалай болды?» деп көп ойланатын. Түзелбай атадан жалғыз еді, одан туған жалғыз тұяқтан да жалғыз ұрпақ өрбіді. Он бала тапсаң біреуі ғана адам болатын біздің заман өтті, қазір дүние оңалды ғой, неге қамданбайды, неге емделмейді?! Тіпті болмаса өкніш әйел алсын! Аргы аталары үш қатын алып болыс емес пе еді?! Кіші қызы Бүбиханмен оңаша бір сырласқанда

біттім... Тірдей өлтіргенше, ала салсаңшы жанымды жаратқан ием!»...

Аспанда құдай қарап тұрғандай басын көтеріп, көзін көкке қадады. Қалың тұман тұмшалап, ештеме көрсетмеді. Алыстан мешіттің сәуле шашқан мұнарасы көрінді. Қараңғы көшеде соны темірқазық қылып тура тартты.

— Неге мен өлмеймін осы? — деп өзінен-өзі сұрады. Бұл сұрақты ауданнан келген дәрігерге де қойған.

— Денсаулығыңыз қырықтағы көпіншедей, апа! — деген ол іш-құрылысы мен қол-аяғын түгел тексеріп болған соң. — Отырып алып өсек айтатын апашкалар сізден үлгі алса ғой, көбірек қимылдау керек десең де құлақ аспайды-ау, солар. Сіз өлімді ойламаңыз, жүрісті тоқтатпаңыз, әлі шебер, шөлпек сүйесіз, — деп сөз соңын қалжыңға жеңдірген. Көзілдірікті дәрігердің сөзіне күлген де қойған. Баянда шал-кемпірлер: «кеп жаса, көтен аса» деп бата беріп жататын, бәкім солардың тілеуі қабыл болды ма екен деп өзіне кесіп-пішетін кей кездері. Анабір сыған қатынға да сәнбеп еді, ол албасты да дәл айтты-ау. Алақ-сапақта бірғайты мән Талдыбұлақтың арасында жолыға кеткен жалмаңдап.

— Болашағыңды болжаймың, — деп жата кеп жабысты. Амапсыз алаңаның ұстатты.

— Әй, дебішша, ұзақ жасайсың, долго-о-о-о будешь жить, — деген алаңаның ұстап отырып, екі иығынан асыра екі рет түірді.

— Но балаларың... Осыны айтқанда сыған қатынның түрі өзгеріп кеткен.

— Балаларыма не болыпты? — деп бұл шап еткен.

— Балаларына бал аштыру үшін тағы ақша ұстат, — деп сайқалдана қалды.

— Тә, жоғал өрі, — деп қолын жұлып алып жайына кете барды. Бірақ балалар туралы не айтқысы келді деген ой көпке дейін мазалап жүрді. Ал «өзің ұзақ жасайсың» дегеніне ол кезде шынымен қуанып қалған.

— Бекер-ақ қуанған екенім, — деді. Кебісі аяғынан түсіп қалған екен, түртпектеп жүріп әзер тапты. Қайта кимек болып еңкейіп жатып «ел қатарлы жетпіс-көксенімде кете берсем, бүгінде селкілдеп жүрмес ем, осындай қайғыны көрмес ем» деді өзіне өзі сөйлеп. Есіне жастық шағы түскен. Соғыс кезінде ауыл адамдарының келбеті көз алдына келді. Бәрінің жүзі жайдары.

— Әй, неменеге жетіп жүрсіңдер, түге? — деді ұрысқысы келгендей түнеріп.

— Қара қарға, — деп жан таптырмаушы едіңдер, әдірам қалғар пәштісі мен туғанды. — Айтқандарың айнымай келді. Қара құзғын құсап жүрмін міне өлмей...

Қулағына гүлдідеген әлдебір дыбыс жетті. Жақынан, тура қасынан естілді. Құбырларға күйі кебісіне байлағын сұғып, басын көтергенде өзіне төніп келген жалғыз кезді көрді.

— Ә, пәлекет пәшіс, келдің бе? — деп көзін көлегейлей берген. Гүрс еткен дыбыс шықты да дүние төңкеріліп кетті.

Өмір бойы тыным көрмеген құйтақандай кемпірдің көрі жүреп аурухана төсепінде мәңгілікке дамылдады. Дәрігерлер қарияның жүрек соғысы жақсы, жанын арашалауға болар еді дейді, тек өзі өлімге мойынсұныпты.

— «Инадо, инадо», — деп ем-домға келіспей, ешбір дәріні ішпей тістепін жатып алған Бақұлдаса барған немерелеріне: — «шопырдың жазығы жоқ, кешірім беріңдер», — деп аманаттапты.

Күздің көніліс бір түнінде Шынар ала қайтыс болды. Тұп тура 99 жыл, 9 ай өмір сүріпті. Күйі ауыл күңіренді. Бірақ ешкім «жүзге келді жарықтық, арты той ғой» демеді.

...Араға екі-үш жыл салып Шынар апаның Алматайдағы немересі мен шөбересі қайтыс болды деген хабар жетті ауылға. Түзелбайдан қалған шаңырақтың ошағы құлап, оты сөнгенін бейшара кемпірдің көрмегені жақсы болды десті көпшілік.



Шынар апаның соғыстан кейінгі өмірі көз алдымызда өтті. Жалғыз ұлы Түзелбай майданнан аман-есен оралып, үйленіп, шаңырақ көтерді. Ауылдағы тері комбинатының сол кездегі «автотбазасы» — «қонный дворға» бастық болып, жорға мініп, жоғары қызметтер атқарды. Екі қыз да есіп-жетілді. Бірақ, сол бір бақытты дәурен келте қайырылған. Алдымен үлкен қызы Жанымхан 29 жасында қайтыс болды. Артынша келін, соңынан 41 жасында Түзелбай көз жұмды. Араға жылдар салып көнжесі Бүбихан да алпысқа қараған шағында ауыр сырқаттан жарық дүниеден қош айтысты.

— «Мен, не деген жалмауыз едім, бір баламнан бір ұыс топырақ бұйырмады», — деп зарлаған апаны күллі ауыл жұбата алмады.

Бектердегі ауылды бұрынғыдай босторғай шырылы, тауық-қораздың шуылы аятпайды. Құзғын сәріден таңның атқанын азаншы хабарлайды. Бес уақыт парызын өтемесе де таң намазына қатысу шағын мешіт салынағаны дағдыға кірді. Намаз оқып болған соң бойы сергіп, ойы жеңілдеп қалатыны бар, әрі көкейдегі арман-тілегінің бәрін намаздан соңғы дұғуда ұзасынан толғайды. Содан өрі өдет бойынша тау етегіне қатар қонған үш елді-мекенді адақтап шығады.

Бүгін де құманға су жылытып, дәретін алды да далаға шықты. Күннен хабаршы келгенмен түн жамбасын жерден алмай құрысып жатыр. Көзге түртсе көрігісіз қараңғы. Ауада аздап дымқыл бар, тұман түскен секілді. Көшенің бес жағынан жалғыз жарық сығырады. «Түнімен қыдыратын қағынған шешектер» шығар деді ішінен.

осыны айтқан.

— Ой, мама, жастардың арасына кігіпке, өздері біледі. Өрі-беріден соң біздің мұндай күнкілімізді жақтырмайды, келінің естісе режікіді. Ендігі оңдай сөз айтпа! Жалғыз немеремен араластырмай тастаса қайтесің, — деп басып тастады. Сөйткен Бүбіш те пайғамбар жасына жетпей көз жұмды. Оның артында үш қыз қалды, бірақ жиен ел болмайды, жеке ас болмайды. Қанша бауыр тартсаң да Түзелбайдың шаңырағын тігіп, түтінін түтеткен жалғыз ұлдың жөні белек!

Бүбіш қайтқанда апта бойы азапап жатты.

— Ей, Құдай, мен жаздым саған? Құзғындай ұзақ жасауды сұрадың ба? Үш баласын жұтқан жалмауыз атанғанша осы қазір жанымды алшы», — деп жаратқанға наз айтты, шамырқанды. Төсектен тұрмаған күйі жөнілпек кетсем деп іштей бекініп, өлім сұраған. Бірақ біреудің бауырындағы баласын алып аныратып, біреудің анасын жалмап шырқыратып жүрген әзірейіл маңайлай қоймаған. Оның үстіне асты-үстіне түсіп, зыр жүгіріп жүрген жиен, немерелерін көз қимайды. Солардың еркелеген қылығы — еңсесін тіктеді. Ол кезде барлығы мектеп жасында болатын. Қазір ұлы ержетіп отау құрды, қызы бөкпейіп, өріс ұзартты. Барған жерлері жақсы, тұрмыстары да жаман емес. «Айтпақшы солар не деп кетті кеше?» деп күбірледі. «Қыркүйекте тойыңды жасайсың, жүзге жеткен бар, жетпеген бар» деді емес пе?! «Алыр-ай, бұ қалай болар екен?» деп тап қазір айналасында жұрт қарап тұрғандай тоқтай қалып, теңірегін көзбен сүзді. «Қай бетіммен той тойлаймын. Ел не дейді? Үш баласын бірдей жұтқан мына құзғын несіне қуанады десе, біттім ғой,



Агроном – ауыл шаруашылығы өсімдіктерін өсіру саласындағы жан-жақты білімі бар маман. Ұзақ уақыт бойы бұл тек қана ауыл шаруашылығына қатысты мамандық болып саналды. Алайда, қазіргі кезде агроном жан-жақты білімге ие, кәсіби дағдыларды жақсы меңгерген маман. Сонымен қатар, егіншіліктің технологиясын және онда қолданылатын техниканы жақсы білетін, сол жердің табиғи-экономикалық

ша Шабден Аяулым Астана қаласындағы С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде 1 семестр оқып келді. Ал, Калибекова Раушан республикалық пәндік олимпиада жүлделі орын алып III дәрежелі дипломмен марапатталды. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының республикалық конкурсына жіберілген 9 жобаның үшеуі жүлделі орын алды. «Жаңа италияндық құлпынай сортын жылыжай жағдайында өсіру» жобасымен қатысқан «Агрономия» мамандығының 2-курс студенттері А. Тлеужанова, А. Әлімғазы, А. Шабден, С. Сұлтан III орын алды. «Соя дақылын арамшөптерден қорғаудың тиімді химиялық әдістерін қолдануды зерттеу» жобасы да үздік деп танылып, 4-курс студенті Р. Калибекова III дәрежелі дипломмен марапатталды. «Жетісу облысы аймағындағы қант қызылшасы сорттарының тұқымдық материалын өңдеу және ауруларына қарсы биопрепараттың тиімділігін зерттеу» тақырыбындағы ғылыми-зерттеу жұмысын ұсынған 2-курс студенті Малика Арынова да III-дәрежелі

мақсатында білімгерлерге 2024 жылғы «Чукуров Университеті деректерді басқарудың академиялық жүйесі (Түркия, Адана қ.)» бәделді қызметкері, ғылым докторы, профессор, доцент Hakan Ozkan «Plant Breeding and Seed Breeding» пәні бойынша «Агрономия» білім беру бағдарламасының 3-курс білімгерлеріне дәріс оқыды.

2024 жылдың 03 маусым мен 27 маусым аралығында Пәкістанның ауылшаруашылық зерттеулер кеңесінің мүшесі, философия докторы, агрономия саласында ұзақ жыл еңбек еткен Zahid Mahmood студенттерге «Research methods in agronomic sciences» пәні бойынша 3-курс білімгерлеріне дәріс оқыды. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі «Ауыл шаруашылығы дақылдарының сорттық сұрыптау жөніндегі оңтүстік-шығыс аймақтық инспектурасы» мемлекеттік мекемесінің Талдықорған кешенді филиалында тәжірибелік сабақ жүргізді (басшысы А.А. Батырбаев).

2024-2025 оқу жылында Марке



«Республикалық ветеринариялық зертхана» және «Республикалық фитосанитариялық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы» мемлекеттік құрылымдардың өкілдері болды. Сондай-ақ форсайт-сессияға «Орталық Азия қант корпорациясы» ЖШС филиалы болып табылатын «Көксу қант зауыты» сынды ірі ұйымдардың өкілдері қатысты. Жетісу өңіріндегі «Жер-ана» өндірістік

Болашағы бар мамандық

жағдайын жетік білетін адам.

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде көптеген жаңа мамандықтар ашылды. Соның бірі Агрономия мамандығы. Бұл білім беру бағдарламасы 2019 жылы «Экология және ауылшаруашылық ғылымдар» кафедрасында құрылды. Онда жоғары білікті қауымдастырылған профессорлар, кандидаттар, PhD, сондай-ақ магистрлер жұмыс істейді. Кафедрада білім беру бағдарламасының базалық және бейіндік пәндері бойынша 23 оқытушы сабақ жүргізеді. Олардың қатарында агрономия саласының оқытушылары а.ш.ғ.к., М.Б. Орманбетов, б.ғ.к., А.С. Ақмұллаева, PhD, Д.А. Абсатарова, ғылым магистрлары Г.А.Сейтова, Ү.Е.Есөкіқызы, А.К. Бутенова бар. Практикалық сабақтарды Ауыл шаруашылығы министрлігіне қарасты Республикалық фитосанитариялық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығының Жетісу облысы бойынша бөлім басшысы Б.М.Атантаев, Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының Талдықорғандағы филиалының директоры А.Н. Нұрланов өткізеді. Студенттердің өндірістік тәжірибелерін өткізу үшін республикалық, облыстық, қалалық 15-тен астам мекемелермен келісім шарт жасалды. Олардың арасында Жер ресурстарын басқару басқармалары, Аумақтық инспекция, Жер ресурстары департаменті, Фитологиялық болжау және талдау, Ғылыми зерттеу мекемелері, ірі шаруа қожалықтары бар. Алғашқы түлектер 2023 жылы оқуларын тамамдап, бұл күнде барлығы жұмысқа орналасты. Мамандық ашылған жылдар ішінде Академиялық ұтқырлық бойын-



дипломмен марапатталды. Ғылыми жетекшісі биология ғылымдарының кандидаты А.С. Ақмұллаева. Startup бойынша 5 жоба әзірлеп, 5 номинация бойынша жүлдеге ие болды. Студенттер ғылыми жетекшілердің көмегімен халықаралық және республикалық ғылыми конференцияларға белсенді түрде қатысады.

2023 жылдың 26-27 қазан күндері ҚР

Президенті жанындағы Қазақстан Республикасының ұлттық ғылым академиясы Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің ұйымдастыруымен «Science Talks- Жас ғалымдардың диалогы» атты III — Халықаралық форум өтті. А.С. Ақмұллаеваның жетекшілігімен Агрономия мамандығының 1-3 курс студенттері М.А. Арынова, Д.Қ. Төребек, Ж.Қ. Жидебай қатысты. Нәтижесінде Малика Арынова III — орынды иеленіп, дипломмен марапатталды. Диас Төребек пен Жақсылық Жидебай сертификат алды және мақалалары жинақта жарияланды.

Тәжірибе алмасу

попитехникалық университетінен (Италия) «Агрономия - ауыл шаруашылығы ғылымдары мен технологиялары» қос диплом бағдарламасы ашылды. Аталған бағдарламаны іске асыру мақсатында республикалық бюджет есебінен Академиялық ұтқырлық бағдарламасымен Марке попитехникалық университетінің 2 оқытушысы 2024 жылғы 23 қыркүйектен 18 қазанға дейінгі аралықта оқытушылық қызметке тартылды. Sara Ruschioni «Agricultural entomology and zoology» пәні бойынша, Luca Mazzoni «Fruticulture» пәні бойынша дәріс оқып, практикалық сабақ жүргізді.

«Мамандығым-болашағым» жобасы аясында «Жетісу облысы ауыл шаруашылығы және агроөнеркәсібінің болашағы» атты форсайт сессияға ауыл шаруашылығы, агроөнеркәсіптік кешен кәсіпорындары, мамандандырылған мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ білім беру ұйымдарынан 14 ұйымның 17 сарапшысы қатысты. Қатысушылар арасында «Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы», «Талдықорған орман шаруашылығы»,

ауыл шаруашылығы кооперативі, «Жерұйық – Орнеу» ЖШС, «Күреңбел» агроөнеркәсіптік кешені ЖШС, «Ұыз Май Индустри» ЖШС және «Нұржан-AGRO» шаруа қожалығы, шағын және орта ұйымдардың өкілдері қатысты. Сонымен қатар, «Жетісу облысының білім басқармасы», «Талдықорған аграрлық-технологиялық колледжі» және басқалары сияқты техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің өкілдері өз пікірлерін білдірді. Жетісу облысының мамандарға қажеттілігінің өңірлік картасы дайындалды. Білімгерлердің тәжірибесін арттыру мақсатында «Eurasia Gruop» «Қант қызылшасына заманауи технологияларды қолдану әдістері» атты семинар өтті. 2025 жылдың сәуір айында Жетісу облысының мамандандырылған мемлекеттік мекемелері, өндірістік ауыл шаруашылығы кооперативі, шаруа қожалықтары мен «Агрономия» білім беру бағдарламасының студенттері бірлесіп «Агрономия мамандығының бүгін мен ертеңі» атты семинар өткізді. Семинар мақсаты – Агрономия мамандығының бүгін және болашағын зерделеу, Жетісу өңіріне Агроном мамандарды даярлау, түлектердің жұмысқа орналасуына жағдай жасау және Жетісу өңіріндегі шаруа қожалықтарымен келісім шарт жасау. Агроном мамандығын даярлаудағы негізгі мақсатымыз – ауыл шаруашылығы және агроазық-түлік өнеркәсібі проблемаларын инновациялық тәсілмен және пәнаралық тәсілдің көмегімен шешуге дайын еңбек нарығында бәсекеге қабілетті жоғары білікті бакалавр мамандарын даярлау.

Айжан АҚМУЛЛАЕВА,
б.ғ.к., Экология және ауыл
шаруашылық ғылымдар
кафедрасының оқытушы-дәріскері.



12 МАМЫР – АНАТАР КҮНІ

— Кешірім етіңіңіз, мына жер бос емес пе екен деді... шашы келте, көзілдірікті әйел қолындағы асты үстелге қойып жатып. Біздің «бос немесе бос емес» деген жауабымызды күтпестен жайғасу қамына кіріскен әйелді ала көзіммен бір атып, оның алдындағы көк папкамызды жұлып алып бос орындыққа тәрс еткізіп тастай салдым. Бұл — жеке шекарамызды бұзып желкемізден төніп көп тұрып алған бөтеннің іс-әрекетіне деген қарсылығым ба, әлде менің ауыр мінезіме тезе білетін қарсыма отырған жақыныма деген өкпе-назым ба, әйтеуір іштегі бұрқасынды сыртқа қарай бүрк еткізіп бірақ шығару болатын. Менің өрсежел қылығымнан ыңғайсызданып қалған анам «келіңіз, келіңіз, орын бөрімізге табылады, мына асханада адам сұмдық көп екен-ә», — деп алдындағы асын тартып, орындығын жылжытып бөйке бола қалды.

— Қызыңыз ба? Өзіңіз сияқты әдемі екен. Бөтен әйел алдындағы сорпасын қылқ еткізіп жығына тіп қатты. Туу, тамақ ішкенде сөйлем дөуш еді анам, сорпасына шашалып қалмаса нетті. Өз жайымен отырған адамдардың арасына кілігіп, онымен қоймай «қызыңыз ба?» деп қысыңсыз сұрақ қойғанына жол болсын. Істің-мен жайын біле тұра артық сөйлейтіндерді сұқаным сүймейді. Қызы мен анасы екеңізді белгілі ғой, бұл жерде талапкерлердің бәрі ата-анасымен жүр. Бөтеннің ау дегеннен өңгіме арнасын маған бұра сөйлегенін ұнатпай тыжырая қалдым.

— Иә, қызым жоқ, жұрпаққа түсе алмады деп маған ренжіп отыр, — деді анам күліп. Туу мамам да, енді бөтен адамға сол арадағы өңгімені айтып, сөзді көбейтіп не қажеті бар. Менің ашуым одан сайын басыма шапты.

— Ал біз тарих факультетіне түстік. Ақылы бөлімге. Құдайдан сұрап алған жалғыз ұлымыз ғой.... Кайтсек те оқытамыз енді... мал басымыз аман болса бітіріп шығармыз, — деді төмен түскен көзілдірігін мұрнына қайта тақал.

— О жақсы, жақсы... құтты болсын! Иә, төрт жыл деген көзді ашып жұмғанша өте шығады — деп анам да қолпаштап, разылық танытты.

— Менің қызымның да әжесі тарихшы болған. ҚазҰПУ-дың тарих факультетінде жеті жыл оқыған. Ауылда узақ жылдар тарих-жағрапия пәндерінен сабақ берген. Уф-ф, қырық жыл бұрын қайтыс бол кеткен анамың оқу бітіргенін дәл осы жерде айтап-ақ қойса қайтер еді.

— Ол кезде Абай атындағы Алматы институты болған. ҚазПИ дейтін едік қой деп анам қосып қойды өзінің көп жайттан хабардар екенін білдіргісі келгендей.

Өткенді айтып тағы бір ұзақ өңгіменің шетін ағытпақ болған анамың әрекеті тез тұрып кетуді ойлап отырған маған жақпады. Мүлдем танымайтын, ертең тіпті көрмейтін адамға мұнда ағана жарылып өзінің өткен өмірін жеті атасын айтып не қажеті бар? Мен бұлардың өңгімесі бітер ме дегендей тұруға қамданғандай алдымыдағы асты бір шетке ысырдым да, сөмкем мен көк папкамызды қолыма алып, тәрс қушақтап алдым. Сол сәтте касса жақтан қолына тамағын ұстаған бөтен әйелдің ұлы келе қалды. Сампылдап сөйлеп отырған анасына отты көзімен бір қарады да, арырақта тұрған бос үстелге жайғасты. Сол-ақ екен жайбарақат отырған әйел елбелектеп орнынан атып тұрып, апыл-тұпыл қолына тамағын алып ұлының жанына кесті.

—Тұф, қандай жақсы болды!

Осы танымайтын адамдармен арқа-жарқа өңгімелесіп кететінін не дедім анама ренжіп, өктемсі сөйлеп.

— Танымайтын адам болса нәсі бар екен, шешендей адамға сонша мінез көрсеткенің не, ұят болды ғой — деп анам маған жақтырмай қарады. Қыз бала деген иіліп тұру керек қой, дүңк-дүңк етпей...

— Иіліп тұратын мәжнүн тап емесің.
— Қыз сықылды қылығың жоқ!
— Енді, мына жақта қаншама үстел бос тұр, жанымызға келіп жалпылап отырып алғаны қызық екен... Ешкім ерігіп жүрген жоқ қой. Біреудің көңілін аулап отыруға келген жоқпыз, әркіммен бір өңгіме айтып уақытымызды жоғалтпай тез жұмысымызды бітіріп қайтайық та дедім бүркылдап.

Біз сол күні сонау Қарасай ауданына қарасты КИЗ деген жердегі нағашыларымыздың үйінен таң ата келіп, кеш қарая жатақханаға тұруға рұқсат қағазын табанымыз тосып жүріп өзгер дегенде алған едік. Әбден қаңыған менің сіркем су көтерер емес. Анам болса мыңқ демейді. Мен емес дәлі өзі оқуға түскендей дән риза.

Шығармашылық емтиханға келген талапкерлерге «Ой айналайың, сенің аты-жөніңді газеттен оқығанбыз!» деп шүйіркелесе кететін анама бұл жерде жүргеннің бәрі жазуға жақын оны сонша мақтап елдеқандай қылғаның не деп тыжырая қаламын.

— Туу мына жатақхана маған дым ұнап тұрған жоқ. Темір керуесті, көнетоз тұсқағаз... маған берген бөлмесі қандай жұпыны еді. Бес қабатты жұрпақтың жатақханасын көрдіңіз бе, қандай күшті, құрылысының қалағынан жаңа шыққандай. «Баспа ісі деген мамандық па?» деп сіз белгілетпей қоймағанда сонда тұратын едім деп анама тағы да көңілдім. Анам менің бала арманыма қол сұққанына өзін кінәлі сезінді ме, әйтеуір түзетілмес қателік жөберген балай көздері жаудырап үңісіз қалды.

— Көктемдегі атаңның үйінде тұрсаң қалай болар екен, — деді сосын күмілжіп. Атаң дегені жоғары пауазымды қызметте істеп зейнетке шыққан өкеміңн ағасы. Менің өкем ол кісіні атын атымай «өкебай» дейтін. ҚазҰУ-маңындағы Көктем шағын ауданында орналасқан төрт бөлмелі үйде тек әйелі екеуі тұрады. Мен үндемедім.

МЕНІҢ ШЕШЕМ

— Үлкен кісілер мазасыз болады, сені қайта-қайта жұмсап сабақ оқуға мұршаң болмай қалар, одан да қандай болса да осы жатақханаң дұрыс қой деп өз сөзіне өзіңше жауап қатты сосын. Оның үстіне қаланың адамдары бөтен адамды жақтырмайды деді менің кісіге жұмысыз мінезімді білетін анам.

— Жақтырмаса қойсын, мен де солардың үйінде тұруға құлшынып тұрған жоқпын! — дедім.

Мен ол кезде филология факультетіне оқуға түскеніме разы емес едім. Өйткені менің жүрегімнің қалауы — журналистика болатын. Филологияға түссем мектепке барып қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беремін деп ойлап, ол ойдан өзім шошынатын. Арманы асқақ, амбициясы жоғары қай жалынды жас еткенге оралып, қайта мектепке барғысы келсін. Ал мен үшін журналист төртінші биліктің өкілі ғана емес, шындықтың шырақшысы, әділеттің жалауы еріспеті болатын. Ал филология — өмірлік қажеттілігі мол, әмбебап мамандық, ең құрыса мұғалім бола аласың деген менің ата-анамның ақылы мен бағыт-бағдары һәм шешімі еді.

Сөйтіп мен анамың ақ арманын арқапал филология факультетіне қадам бастым.

Шіркін, ҚазҰУ-дың Филология факультеті. Бір-екі бүтін бір академияға татитын Мұхтар Әуезов дәріс берген қасиетті қара шаңырақ! Мен мұрын шүйіріп, місе тұтпай отырған бұл факультетке сөз зергері, академик Зейнолла Қабдоловтың өзі Әуезовтың лекцияларын жасырын тыңдау үшін Тау-кен институтынан арнайы іздеп келіп, талай табанын тоздырған ғой. «Әр лекциясы бір-бір оқулық, бар лекциясы — ұлан-ғайыр ұлы мектеп» деп баға берген ғой. Бұл жерден мүлгізі қарағайдай қаншама қазақтың ұлы жазушылары мен көшпелі галымдары шыққан ғой.

Ал мен кімін? Мен сол бір 90-шы, 2000-шы жылдары ала дорба асынын

балмұздақ сатып, темір-терсек теріп, әдебиет пен руханияттан мақұрым өскен ұрпақтың өкілімін. Жаптыр-жұптыр арзан темірден басқа көргені жоқ саф алтынның қадірін жете түсіне ме? Мен ол кезде жақсы мен жаманды материалдық тұрғыдан сыртқы тұрпатына қарап бағалайтын едім. Арда әдебиеттен шала сауатты мснің балалық түйсігім тек соған жетсе керек-ті.

Не керек, қайрандап қалған балықтай қанша туласам да әдебиет айдынына шорпи жүзуге тура келді.

Әсем қалашықты көзіп көлемін. Күз аспаны шайдай ашық. Желке тұсымнан аппақ болып пандаңа қарап тұрған тау шыңдары келбетімен мақтанғандай алыстан жарқ-жүрқ етеді. Саған тәкаппар болған жарасады, қарт Алау, өйткені сондай сұлусың! — деймін. Ал мына мыршаларға қонақтаған үлпілдек жүнді тиіндерді айтсаңшы, қандай ғажап. Тек картиналардан көретін мұндай кереметті күнде көзбен көрудің өзі бір ғанибет қой. Балаша мөз боп келем.

Сол тұста қалта телефоным шыр ете қалды. Менің қал-жағдайымды сұрау үшін хабарласып тұрған анам екен. Сабағың қалай деп сұраған «Мааам, біздің группамызда он жеті қыз, бір-ақ ұл бар екен. Масқара ғой! Құдай-ау, қайда барсам да қаптаған қыздан құтылмайтын болдым ғой... қайда барсам да қыздар... тағы да қыздар...» дедім сөз бірдене болса жылай сапатын әдетіме басып. Ол кезде өкем 50-де болса, анам 48-де. Мен үшін олар мәңгі жас



келмейді. Белкім содан болар бұл көшеде қаз-қатар тізілген үйлердің арты қоршаусыз. Мүмкін өзеннен алқапқа су тарту үшін ол жағын білмедім.

«Той жасаймыз!» деді қуанған шешем. «Ой, дипломды кім алмай жатыр, тойлатпай-ақ қояйыңшы, осы?! Одан да жұмысқа тұрудың, магистратураға түсудің қамына кірісуім керек. Сіздердің

ойларыңызға ол мүлдем кіріп-шықпайды» деп жаратпаса да, өке-шешем той жасады.

Менің диплом алу тойыма облыстық ішкі саясат басқармасының бастығы келді.

Өзімнің үлкен өмір жолыма қадам басқан қуанышыма тауда демалып жүрген кісінің құдайы қонақ бол келе қалуың маған ақ тілепін арнауын жақсылыққа балап, шын құндым.

Не керек, бөленің бәрі той біткен соң басталды. «Сендердің орындарыңда түгеншенің өке-шешесі болғанда қонышын басар еді... құдай өзі айдап көп тұраған кісіге бір ауыз ұсыныс айтып мені облыстық газетке жұмысқа тұрғызады» деп кісіге жағынды білмейтін, бұйымтай сұрап адамның алдына баруды ар көретін өке-шешеме жатып көп ренжідім.

— Көрші-қолаңға жайылып жастық болғаннан пайда бар ма? Қашан келсең де қонақ — деймін анамың меймандос мінезінен мезі болғандай. Ол кезде шешем Қытайдан Өзбекстанан көшіп келген көршілерді күріш басып, ет асып күнде үйге шайға шақыратын. Мен сол жайтты нысанға алғандай уытты сөздеріммен анамды ата сүйледім. Осы жұрттың өке-шешесі деп құрымының анасын мысалға алып, мақтап алдым.

«Адамнан сұрағанның екі көзі шығады, Алладан сұрағанның екі бүйірі шығады. Кісі қолындағы билік бүгін бар, ертең жоқ. Адамдар арасындағы үзілмес сыйластық қана мәңгі» деп анам жекіп тастаған еді сонда.

Мен бұл сөздің мәнін тек арада жылыстап жылдар өткенде барып түсіндім. Расымен де кісідіңің кілті аспанда деп біз аспанда сөйлегенімен ешкім мәңгілік емес, бақ та тақ та уақытша екен.

Ал анамың баладай аңғал даладай дарқан мінезі еш өзгерген жоқ. Адам бойындағы асыл қасиет қана мәңгілік па деймін.

Әйгерім ИЕБЕКОВА

ҚҰРЫЛТАЙШЫ: І.ЖАНСУГРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТИ

- Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникация министрлігі, Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитетінде 2018 жылғы 27 қарашада тіркеліп, №17378-Г куәлігі берілген.
- «Жетісу университеті» газеті Байланыс және Имидждік салат орталығында теріліп, беттеледі.
- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Газет зиянына бір рет шығады.
- Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алматы - Боплашқ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

Талдықорған қаласы,
Жансүгіров көшесі, 187 а.

Байланыс телефоны: 12-00

Индекс 64568

Тапсырыс №567

Таралым 2000 дана

Бас редактор: Б. Шаянбаева
Редактор: А.Иебекова
Дизайнер: Б.Таубалды